**Ақтау қалалық білім бөлімі №37 «Мәншүк» балабақшасы**

**МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ**

# Әр оқу қызметінде қазақ этнопедагогикасын қолдану

**Ақтау қаласы – 2020 жыл**

## Түсінік хат

«Атадан ұл туса игі, ата жолын куса игі» деп аскак арманмен бабаларымыз бізге үлкен үміт артқан. Біз ата-баба үмітіне үкі таға отырып, болашақ ұрпақты халық казынасымен сусындату арқылы балалардың дүниетанымын калыптастыру бүгінгі күн талабы. Этнопедагогика жалпы педагогиканың бір саласы. Бүгінгі таңда қазақ этнопедагогикасы үлкен жетістікке жетіп, ғылыми зерттеу объектісінің тұрақты екендігін дәлелдеді. Этнопедагогикасының әрбір саласы дүниені тану, оның пайда болуын білуге ұмтылу, адамның өмірдегі алатын орнына үңілу, табиғат пен қоғамның негізгі сырларын танып білу, адам өмірінің мәнін айқындау, сияқты дүниетанымның негізін калыптастыруға ықпал етеді. Жеке тұлғаның дамуының алғашқы баспалдағы мектеп жасына дейінгі кезеңде калыптасатындықтан дүниетанымның негізі де осы жастан қаланады. Зерттеу жұмыстарына сүйене отырып, қазақ этнопедагогикасы арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың дүниетанымын калыптастыруға септігін тигізетін құнды мұраларымызды іріктеп алып, оқу-тәрбие ісіне колдану алға қойған мақсатымыз.

Құрылымдық ерекшелігі:

Әдістемелік нұсқауда қазақ этнопедагогикасы материалдары бес бөлімге жіктеліп, балалардың жас ерекшеліктеріне сай ықшамдалып беріледі. Әр бөлімде мектеп жасына дейінгі балалардың дүниетанымын калыптастырудың кестесі беріліп, оқу-тәрбие үрдісінде сирек колданылатын және мүлдем колданылмайтын қазақ этнопедагогикасының материалдарын колдану ұсынылып отыр.

Мақсаты;

Қазақ этнопедагогикасының әр сабақтарға колдану негізінде балалардың дүниетанымын калыптастыру, табиғат пен қоғамның негізгі сырларын танып білуге ұмтылдыру.

Міндеттері:

-қазақ этнопедагогикасының бала дүниетанымын қалыптастырудағы маңызын айқындау;

-қазақ этнопедагогикасын әр сабақтарға тиімді колданудың жолдарын қарастыру;

-балалардың халқымыздың асыл мұраларына деген қызығушылықтарын арттыру, кастерлей білуге үйрету;

## Әр оқу қызметінде қазақ этнопедагогикасын қолдану

## Математика негіздері оқу қызметінде қазақ этнопедагогикасын қолданудың тақырыптық күнтізбелік жоспары

| Тоқсан | Рет саны | Бағдарлама бойынша оқу қызметінің тақырыбы | Оқу қызметінің барысында қазақ қазақ этнопедагогикасын қолдану | Мақсаты |
|---|---|---|---|---|
| I | 1 | Биік-аласа, кең-тар, үлкен-кіші, ұзын-қысқа | Математикалық ұғымдарға қатысты мақал-мәтелдер | Биік-аласа, кең-тар, үлкен-кіші, ұзын-қысқа сөздерін мақал-мәтелді түсіндіре отырып бекіту |
| I | 2 | «Жуан -жіңішке, қалың-жұқа, жалпақ-жіңішке» | Математикалық ұғымдарға қатысты жұмбақтар | Математикалық ұғымдарға қатысты айтылған ұғымдарды жұмбақтар арқылы бекіту |
| I | 3 | Жоғары-төмен, оң жақта, сол жақта, жанында, астында, соңында, арасында, жылдам, баяу т.б. | Математикалық ұғымдарға қатысты мазақтамалар мен өтірік өлеңдер | Мазақтамалардағы оң, сол, алды, арты, т.б. түсініктерін бекіте түсу |
| I | 4 | «Көп-аз, артық –кем, соншa. Теңестіру» | Көп, аз, артық, кем ұғымдарға қатысты мақал-мәтелдер | Мақал-мәтелдегі «Көп», «аз», «артық», «кем» сөздерінің ішкі мазмұнын түсіндіру |
| I | 5 | «1» саны мен цифры | «1» санына қатысты санамақ | «1» санына қатысты санамақтың мазмұнын түсіндіру |
| I | 6<br>7 | «2» саны мен цифры «+», «*», «-», «=», | «2» санына қатысты санамақ және жұмбақтар | «1» санына қатысты санамақтың жұмбақтардағы сандардың мәнін түсіндіру |
| II | 8 | «0» саны мен цифры | «0» санына қатысты санамақ | Санамақтың мазмұнын түсіндіре отырып, «0» санымен таныстыру |
| II | 9 | «3» саны мен цифры | «3» санына қатысты санамақ | «3» санына қатысты санамақтың мазмұнын түсіндіру |
| II | 10 | «4» саны мен цифры | «4» санына қатысты санамақ | «4» санына қатысты санамақтың мазмұнын түсіндіру |
| II | 11 | «5» саны мен цифры | «5» санына қатысты санамақ | «5» санына қатысты санамақтың мазмұнын түсіндіре отырып, «5» санымен таныстыру |
| II | 12 | Салыстыру (артық, кем, тең) | 5-ке дейінгі санамақ | Санамақтың мазмұнын түсіндіре отырып, 5-ке дейінгі сандар жөніндегі түсініктерін бекіту |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| II | 13 | Қайталау | Санға қатысты жан-жануарлар туралы жұмбақтар | Жұмбақтардағы санға қатысты айтылған сандардың мәнін түсіндіру |
| II | 14 | «6» саны мен цифры | «6» санына қатысты санамақ | «6» санына қатысты санамақтың мазмұнын түсіндіру |
| II | 15 | «7» саны мен цифры | «7» санына қатысты санамақ | «7» санына қатысты санамақтың мазмұнын түсіндіру |
| II | 16 | «8» саны мен цифры | «8» санына қатысты санамақ | «8» санына қатысты санамақтың мазмұнын түсіндіру |
| III | 17 | «9» саны мен цифры | «9» санына қатысты санамақ | «9» санына қатысты санамақтың мазмұнын түсіндіру |
| III | 18 | «10» саны мен цифры | «10» санына қатысты санамақ | «10» санына қатысты санамақтың мазмұнын түсіндіру |
| III | 19 | Салыстыру | Сюжетті санамақ | Санамақтағы санға тәуелді айтылған заттармен таныстыра отырып, 10-ға шейінгі сан туралы түсініктерін бекіту |
| III | 20 | Сан құрамы (10 көлемінде) | Құрама санамақ | Буындарға санды қосып айту арқылы сөз жасау және сол сөздің мағыналарын түсіндіру |
| III | 21 | Есептер шығару | Жұмбақ-жаңылтпаштар | Санға қатысты айтылған жұмбақ, жаңылтпаштардың мазмұнын түсіндіре отырып, шешуін табу |
| III | 22 | Ауыр-жеңіл, сұйық және сусымалы заттар | Сыйымдылық өлшемдері | Қолдың саусақтарын пайдалану арқылысусымалы заттарды өлшеуді үйрету |
| III | 23 | Нүкте, сызық, түзу, кесінді | Саусақ атаулары және саусақ арқылы ұзындықты өлшеу | Бес саусақ атауларымен таныстыра отырып, саусақ арқылы «сүйем», «қарыс» өлшемдерін қолдану арқылы түзулерді, кесінділерді, сызықтарды өлшеуге үйрету |
| III | 24 | Бұрыш, тік бұрыш, тік төртбұрыш | Қол арқылы ұзындықты өлшеу | Қол арқылы ұзындықты өлшеу әдісімен таныстыру, құлаш және жарты құлашпен бойының ұзындығын, жіпті т.б. заттарды өлшеуді үйрету |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| IV<br>IV | 25<br>26 | Үшбұрыш, шаршы, текше, дөңгелек, пішіндер | Кескіндерге қатысты жаңылтпаштар | Жаңылтпаштардың мазмұнын түсіндіре отырып, кескіндер туралы түсініктерін кеңейте түсу |
| IV | 27 | 11-ден 20-ға дейінгі сандар | Аяқ өлшемдері | Аяқ арқылы қадам жасау негізінде ұзындықты өлшеуді үйрету. «Адым», «аттам» өлшемдері негізде өлшеу өлшеу арқылы 1-20-ға дейін санауға үйрету. М: 10 адым, 11 адым, 13 қадам |
| IV | 28 | Теңге | Теңге пайда болғанға дейін | Теңге пайдаболмай тұрған кезде халқымыз қалай сауда жасағандығы туралы қысқаша түсінік беру |
| IV | 29 | Салыстыру, толықтыру (11-20) | Математикалық ұғымдарға қатысты өтірік өлеңдер | Өтірік өлеңнің мазмұнын түсіндіру барысында математикалық ұғымдарға қатысты сөздердің мағынасын түсіндіру |
| IV | 30 | Уақыт, ай, апта, тәулік, таңертең, сәске, бесін, кеш, түн | Уақыт ұғымдарға байланысты санамақтар | Санамақ арқылы апта күндерінің жиынтығы екені туралы білімдерін кеңейте түсу |
| IV | 31 | Бүтін затты тең екі бөлікке бөлу | «Жарты», «жарым» ұғымдары | «Бөлік» деген ұғыммен таныстыру барысында бөлік ұғымының синонимі «жарым», «жарты» ұғымдарымен де таныстыру |
| IV | 32 | Қорытынды қайталау | Жұмбақ есептер | Әрбір баланың іс-әрекеттерін түсіндіре отырып, тез есептей білуге үйрету |

## Оқу қызметінің үлгілері

*Тақырыбы:* **«1» саны мен цифры**

*Мақсаты:* Көп, аз, артық, кем ұғымдарын тиянақтай түсу. Мақал-мәтелдердегі «көп», «аз», «артық», «кем» сөздерінің ішкі мазмұнын түсіндіру. «1» санына қатысты санамақтың ашу. Математика оқу қызметі арқылы балалардың дүние танымын қалыптастыру.

*Керекті құралдар:* үлкен, кіші, аз, көп заттардың суреттері.

*Әдіс-тәсілдер:* түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, көркем сөз (мақал-мәтелдер, санамақтар), *мадақтау.*

*Оқу қызметінің барысы:*

1. Балалар педагогтың көмегімен қоршаған ортадағы заттардың көп, аз, артық, кемін айтады. Мәселен, орындықтар көп, үстелдер аз, терезелер көп, есіктер аз, үстелдерден орындықтар артық, терезелерден есіктер көп т.б.

2. Педагог балаларға жоғарыда аталған ұғымдарға байланысты мақал-мәтелдер айтады. Балалар мақал-мәтелдегі математикалық ұғымдарға қатысты сөздерді тауып, мағынасын түсіндіреді.

*Көп* ойлаған табар,
*Көп* үрлеген жағар.

*Көп* түкірсе көл болады.

*Аз* сөз алтын,
*Көп* сөз көмір.

Жаман аттан аяғым *артық,*
Жаман достан таяғым *артық.*

Кең болсаң, *кем* болмайсың.

3. Сергіту сәті:

4. «Бір», «жалғыз» ұғымын «1» санымен байланыстыра отырып түсіндіріледі: Бір бала немесе жалғыз бала, бір ағаш немесе жалғыз ағаш.

«1» цифрының жазылу ерекшелігі көрсетіледі. Бұл сәтте бір санына байланысты санамақ қолданылады:

Мені келсе білгің,

Мен таяқша бірмін.

Ата-әжеге жол бастап,

Оң қолында жүрмін.

Санамақтың мазмұнымен таныстыру кезінде ата-әжелердің таяғына, шырпыға, діңгекке, қазыққа, үстел орындықтардың бір аяғына «1» цифры ұқсайтындағы түсіндіріледі. Балалар «1» цифрын ауаға, тақтаға, қағазға жазып үйренеді.

5. Ойын: «1» цифрына ұқсас заттарды тап.

Балалар қоршаған ортадағы «1» цифрына ұқсас заттарды атайды.

6. Педагог Оқу қызметін қорытындылайды. Оқу қызметіне жақсы қатысқан балаларды мадақтайды.

*Тақырыбы:* **Ауыр-жеңіл, сұйық және сусымалы заттар.**

*Мақсаты:* Ауыр-жеңіл, сұйық және сусымалы заттар туралы түсінік бере отырып, әр түрлі ыдыстардың көмегі арқылы, қол саусақтары арқылы өлшей білуге үйрету. Ауызша есептер шығаруғатөселдіру. Ойлау қабілетін жетілдіру, дүниетанымын кеңейту.

*Керекті Құралдар:* Сұйық және сусымалы заттар (ұн, күріш, тары,сүт, су т.б.) әр түрлі көлемдегі ыдыстар (қап, қалта, кесе, шелек, бөтелке, әр түрлі көлемдегі шыны ыдыстар) суреттер.

*Әдіс-тәсілдер:* көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап, жұмбақ есептер, тәжірибе т.б.

*Оқу қызметінің барысы:*

1. Педагог балаларға қатты, сұйық, сусымалы заттар туралы қысқаша түсіндіреді. Қатты заттар өзінің көлемін сақтайды, ал сұйық заттар мен сусымалы заттарды арнайы ыдыстарда сақтаймыз. Сұйық заттарға су, сүт, айран, шырын, сусын, қымыз т.б. жатады. Сусымалы заттарға ұн, күріш, тары, бидай, тұз, құмшекер т.б. жатады. Сұйық заттарды шелектерге, құтыларға, кеселерге сақтаймыз. Ал сусымалы заттарды қаптарда, қалталарда, дорбаларда сақтаймыз. Қатты заттардың ауыр, жеңілін қолмен ұстап білеміз немесе көзбен байқаймыз. Тас ауыр, қауырсын жеңіл, үстел ауыр, орындық жеңіл. Сұйық және сусымалы

заттарды үйіндісіне салынған ыдысына қарап анықтаймыз. Бір қап ұн ауыр, бір қалта бидай жеңіл, бір шелек су ауыр, бір кесе су жеңіл.

2. Балалар суреттерге қарап, ауыр және жеңіл заттарды топтастырады.

3. Балалар сұйық және сусымалы заттарды ыдыстардың көмегімен өлшейді.

4. Педагог балаларға сусымалы заттарды қол саусақтарының көмегі арқылы өлшеуге болатындығын түсіндіреді және көрсетеді.

*Шымшым* – ұсақ затты бас бармақ және сұқ саусақпен қысып алғандағы өлшем.

*Шөкім* – ұсақ затты бас бармақ және сұқ саусақпен қысып алғандағы өлшем.

*Бір уыс* – саусақтарын жымдастыра бүккендегі өлшем.

*Қос уыс* – қолдың саусақтарын бірге жымдастыра бүккендегі өлшем.

Балалар өздері педагогтың ұсынысымен тапсырмалар орындайды. Жанар 3 шөкім тары әкел. Айдар сен шелекке 6 уыс бидай сал. Айдана 4 шымшым тұз ал.

5. Педагог балаларға бірнеше жұмбақ есептердің мағынасын түсіндіре отырып, шешуді ұсынады.

Аулада бес үйрек,
Қорада үш үйрек,
Барлығы қанша үйрек? *(8 үйрек)*

Бір үйрек тығылды,
Бір үйрек жығылды,
Қалғаны қанша үйрек? *(6 үйрек)*

Қолымда екі алма,
Табақта бес алма,
Барлығын қосқанда, болады неше алма? *(7 алма)*

Бір алма атама,

Бір алма апама,

Екі алма беремін,

Ағам мен анама.

Нешеуі қалады?

Нешеуін алады? *(3-уі қалады, 4-еуін алады)*

Шығармақ боп кеше есеп,

Жиналыпты бес есек

Үшеуі ұйықтап отырды,

Онда есігі неше есек? *(2 есек)*

6. Оқу қызметінің соңында педагог қорытынды жасайды. Оқу қызметіне жақсы қатысқан балаларды мадақтайды.

*Тақырыбы:* **Салыстыр, толықтыр (11-20)**

*Мақсаты:* балалардың 11-ден 20-ға дейінгі сандар туралы түсініктерін кеңейте түсу. Өтірік өлеңдер арқылы математикалық ұғымдарға қатысты сөздердің мағынасын түсіндіру, дүниетанымын қалыптастыру.

*Керекті құралдар:* 11-ден 20 көлеміндегі ұсақ заттар (асықтар, тастар, ұсақ ойыншықтар)

*Әдіс-тәсілдер:* Көрсету, түсіндіру, нұсқау беру, мадақтау, т.б.

*Оқу қызметінің барысы:*

1. Балалар педагогтың нұсқауымен 11-ден 20-ға дейінгі сандарды тура және кері санайды, салыстырады: 15 саны 13 санынан үлкен, 14 саны 12 санынан кіші.
2. Ойын: көрші сандарды тап.

Ойын жүргізуші бір санды атайды. Балалар сол санға көрші сандарды табады: 15 санынан көршісі-14 және 16.

3. Сергіту сәті:

4. 11-20 санға қатысты есеп-санамақтарды педагогтың көмегімен балалар шешеді.

Алты ала қарға,

Жеті қара қарға,

Таласты жемге.

Жатқанақ қарда,

Ала қарғалар

Ала қашады.

Қара қарғалар

Алдын тосады.

Қайта айналып жерге қонады.

Барлығын қоссаң,

Қанша болады? *(Құрманбай Толыбаев)*

***Қанша бала?***

Мұз айдында жеті бала,

Асыр сап жүр сырғанап.

Сырғанамай жеті бала,

Жағалауда тұр қарап.

Енді осы бар баланың,

Санын айтсаң жарадың. *(Сұлтан Қалиұлы)*

***Неше құс?***

Су құйып ем астауға,

Үш қаз ұшты аспанға.

Үш қасқалдақ, бір бірқазан,

Екі үйрек бір сазан.

Бір көк серке, бір қарға,

Қосылды көп бұларға.

Айт, неше құс ұшып жүр?

Неше екенін түсіндір.

5. Өтірік өлеңдердегі математикаға қатысты айтылған ұғымдар балаларға түсіндіріледі.

Үш жаста мергеншілік кәсіп құрдым,
Ши оқпен жүз құланды атып қырдым,
Ауынан өрмекшінің кілем тоқып,
Ұялмай жүз теңгеге сатып тұрдым.
Шанамен *алты* кит сүйреттім,
Бегемотты ән салуға үйреттім.
Жазда бардым ауылға,
Тойдым ау бір қауынға
*Үлкендігі* өзімдей,
Дәндері *екі* көзімдей.

*Екі* соқаның тісімен
Атам жарды қауынын
Тауып алды ішінен
Жоғалтқан ақ тауығын.

6. Педагог оқу қызметін қорытындылайды.

**Математика оқу қызметінде қазақ этнопедагогикасын пайдалану үлгісі**

**Математика ұғымдарға қатысты мақал-мәтелдер**

Бетегеден *биік,*
Жусаннан *аласа.*

Жіптің *«ұзыны»* жақсы,
Сөздің *«қысқасы»* жақсы.

*Үлкен* тұрып,
*Кіші* сөйлегеннен без.

*Кең* жерде тар отырсаң,
*Тар* жерде кең отырасың.

**Математикалық ұғымдарға қатысты жұмбақтар**

*Жұқа* тақтай бөлшегі,
*Ұзындықтың* өлшемі. *(Сызғыш)*

*Ұзын* құйрық сауысқан,
*Бір* көлдің суын тауысқан. *(Қарға)*

Аузы *төбесінде,*
Тұтқасы денесінде. *(Құман)*

*Үсті* тас,
*Асты* тас,
*Ортасында* піскен ас. *(Таба нан)*

**Математикалық ұғымдарға қатысты мазақтамалар мен өтірік өлеңдер**

*Оң* аяғын көрсетіп,
*Сол* аяғым бұл дейді.
*Оң* мен **солын** ұят-ай,
Әлі күнге білмейді. (Н.Мәуленұлы)

Шыбын үйір Қожаққа
Шыбынға Қожақ мазақ па?
*Алдынан* жайлап ұшырса,
Құлағына қонады.

**Аз, көп, артық, кем ұғымдарына қатысты мақал-мәтелдер**

*Көп* ойлаған табар,
*Көп* үрлеген жағар.

*Аз* сөз алтын,
*Көп* сөз көмір.

*Аз* ашуды ас басады,
*Көп* ашуды дос басады.

**Кең болсаң,**
*Кем* болмайсың.
Адам ұрпағымен *көп* жасайды.

**«1» санына қатысты санамақ**

Мені келес білгін,
Мен тақпа бірмін.
Ата-әже жол бастап,
Оң қолыңды жүрмін.

**«2» санына қатысты санамақ**

Бірден кейін тұрамын,
Колде менің құрағым.
Бірді-бірге қосқанда,
Ініп мен шығамын.

**«1» санына байланысты жұмбақтар**

*Екі* көзі бар, *екі* ізі бар,
Көзімен көрмейді.
Ізімен теспейді.
Жалпақты «бөл» дейді
Ұзынды «кес» дейді. *(Қайшы)*

*Екі* кісі қарауыл қарайды,
*Бір* кісі шөмшек тереді. (Түйе)

Екі санының мағынасына жақын сөздер: жұп, қос, егіз, пар

Мысалы: қос қалта, егіз қозы т.б.

**«0» санына қатысты санамақ**

Әрпіне 0-ға,
Санда нөлге ұқсаймын.
Жеке тұрсам мәнім жоқ,
Бір орынды ұқсаймын.

**«3» санына қатысты санамақ**

Екіден соң әрқашан,
Үш саны боп қаламын.
Қос мүйізді майысқан,
Ұлттық ою саламын.

**«3» санына қатысты мақал-мәтелдер**

Ер кезегі үшке дейін.
Ер көрмеймін деген жерін үш көреді,
Ат баспаймын деген жерін үш басады.

**«4» санына қатысты санамақ**

Үш сызықтан таңғым,
Аша болам баңғы.
Велосипед ондайтын,
Кілт боламын тағы да.

**«5» санына қатысты санамақ**

Төрттен кейін бесті,
Білу оңай десті.
Санаса қолдың саусағын,
Оңай табасың десті.

**Беске дейін санамақ**

Бір дегенім таяқ қой,
Бірді бірге тақ қой.
Екеу болар қос таяқ,
Цифры оның тап мына.

Ұқсайды бір аққуға

Екі мен бір болар үш,

Үш пен бірің төрт екен,

Төртеу санның көркі екен,

Төрт аяқты жануар,

Үстел, төсек тағы бар,

Төрт аяқпен нық тұрар,

Төрт бірлікті ұқтыңдар,

Төрт пен бірін бес енді,

Қиын емес есебі,

«Бес» дегеннің цифры,

Қарап тұрсаң оп-оңай,

«Үштің» басын қайырып,

Қоя салған жай бұрып.

Беске дейін санады,

Бекен, білгіш саналы.

**Санға қатысты жан-жануарлар туралы жұмбақтар**

Екі айыр құйрығы,

Қиық мұрт қанаты.

Ұшқырлардың жүйрігі. *(Қарлығаш)*

Екі айнасы, бірнайзасы бар,

Төрт сылдырмағы бар,

Бір шыбыртқысы бар. *(Сиыр)*

Үстінде тауы бар,

Кезікті бір жануар. *(Түйе)*

Төрт түліктің рәкеті,

Түнде жүрер көк серi. *(Қасқыр)*

Бауырында төрт тағап,

Арқасында тостаған. *(Тасбақа)*

**«6» санына қатысты санамақ**

Бестен кейін тұрағым,

Есікте мен тұрамын.

Кілт болмаса ашатын,

Сол орында тұрамын.

**«7» санына қатысты санамақ**

Мына қара қызықты,

Жабуды кім ұмытты.

Шалғы болам бір тартсан,

Бел орталап сызықты.

**«8» саны мен цифрына қатысты санамақ**

Менің атым сегіз,

Қанбақ шалмын егіз.

Шеңгел-шеңгел,

Жеңіл шеңгел теңіз.

**«9» санына қатысты санамақ**

Сегізден кейін тұрамын,

Басында доп құрамын.

Көк алаңға шыққанда,

Доп таяқ боп шығамын.

**«10» санына қатысты санамақ**

Тоғыздан кейін тұрамын,
Бір менен нолден құралдым.
Егер мені қоссаңдар,
Он саны боп шығамын.

**Сюжетті санамақ**

Бір дегенім-бөрік,
Киссең берер көрік.
Екі дегенім-етік,
Киер сәнді етіп.
Үш дегенім-ішік,
Теріден тігер пішіп.
Төрт дегенім-тымақ,
Қыста киссең жылы-ақ.
Бес дегенім-байпақ,
Іші жылы жайлы-ақ.
Алты дегенім-алқа,
Мойынға тақ қалқа.
Жеті дегенім-жейде,
Көйлек деп жүр кейде.
Сегіз дегенім-сеңсең,
Жылқысы тонның сеңсең.
Тоғыз дегенім-теппек,
Бояма боска тентек.
Он дегенім-оймақ,
Жүрме боска ойнап.

**Құрама санамақ**

Тү+1=Түбір

К+2+лік=Кекілік

К+3+ік=Күшік

4+бақ=Төртбақ

5+ік=Бесік

6+бақан=Алтыбақан

7+ген=Жетіген

8+көз=Сегізкөз

9+құмалақ=Тоғызқұмалақ

с+10+а=Сона

**Жұмбақ жаңылтпаштар**

Үш кіші ішік піштім

Бес кіші ішік піштім

Неше кіші ішік пістім?

Кеше бес арба кесек әкелді,

Бүгін бес арба кесек әкелді

Неше арба кесек әкелді?

Бізде қанша мысық бар?

Бізде қанша күшік бар?

Сенде де бар бір мысық

Менде де бар көк күшік

Сенделе мүлде жоқ күшік

Бізде қанша күшік бар?

Бізде қанша мысық бар?

**Сыйымдылық өлшемдері**

*Шымшым*-ұсақ затты бас бармақ және сұқ саусақпен қысып алғандағы өлшем.

*Шөкім*-ұсақ затты үш саусақтың ұшымен қосып алғандағы өлшем.

*Бір уыс*-саусақтарын жымдастыра бүккендегі өлшем.

*Қос уыс*-қос қолдың саусақтарын бірге жымдастыра бүккендегі өлшем.

**Саусақ атаулары және саусақ арқылы ұзындықты өлшеу**

1. Бас бармақ
2. балан үйрек
3. ортан терек
4. Шылдыр шүмек
5. Кішкене бөбек

*Елі*-бір саусақтың көлденең өлшемі.

*Қарыс*-бас бармақ пен шынашақтың аралық мөлшері.

**Қол арқылы ұзындықты өлшеу**

*Құлаш*-иық деңгейінде кере созылған екі қол ұзынының арасы.

*Жарты құлаш*-кеуде тұсы мен қолдың ұшы аралығы.

**Кескіндерге қатысты жаңылтпаштар**

Дөңгелейді дөңгелек,
Дөңгелейді дөңгелеп,
Дөңгелесе дөңгелек,
Дөңнен асты дөңгелеп.

Үшбұрыш боп тырналар
Көк жүзінде сырғанар,
Көк жүзінде тырналар,
Үш бұрыш боп сырғанар.

Сандықта бар төрт бұрыш,

Самаурында жоқ бұрыш.

Сандық өзі төрт бұрыш,

Санасаңыз төрт бұрыш.

**Аяқ арқылы ұзындықты өлшеу**

*Адым*-жүру кезіндегі екі аяқтың аралық ұзындығы. Мысалы, есіктен төрге дейін 10 немесе 14 адым.

*Аттам*-екі аяқты созғандағы ұзындық. Мысалы, ойын алаңының ұзындығы немесе 10 аттам.

**Теңге пайда болғанға дейін**

Ертеде қазақ халқы теңге (ақша) пайда болмай тұрған кезде сауда жасауда малдың құнын, заттың бағасын белгілеуде әр түрлі әдістер қолданған. Ақшалай саудаға алтын, күміс сияқты құнды металдарды қолданған. Олар көлеміне қарай тайтұяқ, қой тұяқ деп аталған. Ал айырбас саудада егін, бұйым мал саудасында әр затқа лайықты келісімді (арнайы белгіленген) өлшемдері болған. Мысалы, Биені бұзауы бар сиырға, тайды 4-3 қойға, түйені құлыны бар биеге айырбастаған.

**Математикалық ұғымдарға байланысты өтірік өлеңдер**

*Үш* жаста мергеншілік кәсіп құрдым,
Ши оқпен *жүз* құланды атып қырдым.
Аудан өрмекшінің кілем тоқып,
Ұялмай он теңгеге сатып тұрдым.

Шанамен *алты* китті сүйреттім,
Бегемотты ән салуға үйреттім.

Жолда бардым ауылға,

Тойдым ау бір қауынға.

*Үлкендігі* өзімдей,

*Дәндері екі* көзімдей.

*Екі* соқаның тісімен

Атам жарды қауынын

Тауып алды ішінен

Жоғалтқан ақ тауығын.

**Уақыт ұғымдарына байланысты санамақ**

**Жеті күн**

Сәл демалып тыным ал,

Тақпақ тыңдап ұғып ал.

Аптадеген атайдың,

Жеті бірдей ұлы бар.

Біріншісі-Дүйсенбай,

Екіншісі-Сейсенбай,

Үшіншісі-Сәрсенбай,

Төртіншісі-Бейсенбай,

Бесіншісі-Жұмабай,

Алтыншысы-Сенбіжан,

Жетіншісі-Жексенбай.

**«Жарым», «жарты» ұғымдары**

«Бөлік» сөзінің орнына «жарым» «жарты» сөздерін қолданып айтамыз.

Жару сөзі екіге бөлу сөзінен шыққан. Жарым түн-түн ортасы, сағат төрт жарым-4 сағат 30 минутты білдіреді.

**Жұмбақ есептер**

**Қанша бала?**

Әсел шұлық тоқып отыр
Ләйла сабақ оқып отыр,
Сара сырмақ сырлап отыр
Нұршаш өрнек құрып отыр.
Бекен отын тасып жатыр
Дәрия қазан асып жатыр
Құыршағын жуындырып
Ләззат отыр киіндіріп.

Алдамбайды Мұрат бірақ
Анасынан кәмпит сұрап.
«Жоқ» десе де қоймай жатыр
Бірер талға тоймай жатыр.
Қанша бала ойнап отыр?
Қанша бала тоймай отыр?

*(7 бала ойнап отыр, 1 бала тоймай отыр)*

**Қанша үйрек?**

Аулада бес үйрек,
Қорада үш үйрек.
Бір үйрек тығылды
Бір үйрек жығылды
Қалғаны қанша үйрек? (6 үйрек)

**Неше кесе?**

Сабасынан сіздің үйдің

Бес кесеге қымыз құйдым.

Тыстан шөлдеп Гүлсім келді,

Бір кесесін ішіп кетті.

Бір кесесін шешем алды

Енді неше кесе қалды? (3 кесе)

## 2.2 Айнала қоршаған орта және экология оқу қызметінде қазақ этнопедагогикасын қолданудың тақырыптық күнтізбелік жоспары

| Тоқсан | Рет саны | Бағдарлама бойынша оқу қызметінің тақырыбы | Оқу қызметінде қазақ этнопедагогикасын қолдану | Мақсаты |
|---|---|---|---|---|
| I | 1 | Біздің балабақша | Тыйым сөздер | Тыйым сөздердің мағынасын балабақшадағы ереже негізінде түсіндіру |
| I | 2 | Мен кіммін? | Жеті атаңды білесің бе? | Жеті ата туралы түсінік беру |
| I | 3 | Табиғат сыйы | Табиғат тамашаларына байланысты мақал-мәтелдер | Табиғат тамашаларына қатысты мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіру |
| I | 4 | Алтын күз (өлең) | Алтын күз | Күз жыл мезгілі жөнінде түсініктерін кеңейте түсу |
| I | 5 | Күз жомарт | Жеміс-жейдектер,көкөністер туралы жұмбақтар | Жеміс-жейдектер,көкөністер туралы түсініктерін кеңейте түсу |
| I | 6 | Нан ел байлығы | Нанға қатысты тыйымдар мен ырымдар | Халқымыздың нанды ерекше қастерлейтінін түсіндіру |
| I | 7 | Туған елім мақтанышым менің | Ислам тағылымы | Мешіт, ораза, намаз, садақа беру туралы мағлұмат беру |
| I | 8 | Туған өлкем мақтанышым | Қазақ халқының хандары мен билері | Бұдан бұрын ел басқарған хандар мен таныстыру |
| I | 9 | Менің өлкем | Тыйым сөздер | Мінез-құлық ережелерін сақтау барысында тыйым сөздердің мағынасын түсіндіру |
| I | 10 | Менің өлкем | Туған жер,ел туралы мақал-мәтелдер | Мақал – мәтелдердің мағынасын түсіндіре отырып туған ел,отан туралы түсініктерін кеңейту |
| I | 11 | Көлік түрлері және айнала қоршаған орта | Ұлттық көлік түрлері | Ат, арба, күйме, түйені ата-бабаларымыз көлік ретінде қалай пайдаланғандығы жөнінде түсінік беру |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| I | 12 | Көлік түрлері,ондағы мінез- құлық ережелері | Көлік туралы жұмбақтар | Көлік туралы жұмбақтарды шешу арқылы балалардың көлік түрлерін ерекшеліктерін тереңірек түсіндіру |
| I | 13 | Менің күнім | Келер және өткен күндер | Келер және өткен күндерді қалай атайтындығын түсіндіру |
| I | 14 | Қазақстан - ортақ еліміз | Халық туралы мақал-мәтелдер | Халық туралы мақал-мәтелдердің ішкі мазмұнын түсіндіру |
| I | 15 | Табиғат әсемдігі | Он екі айдың ерекшеліктері | «Жыл он екі ай» өлеңі бойынша табиғат әр айға байланысты өзгеріп отыратынын түсіндіру |
| II | 16 | Мен және менің отбасым | Туыстық атаулар | Қазақша туыстық атаулар жөнінде түсініктеме бере отырып,кім-кімге қалай туыс болатындығын түсіндіру |
| II | 17 | Еңбек-ер атандырады | Еңбек туралы мақал-мәтелдер | Еңбек туралы мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіру |
| II | 18 | Еңбек - ер атандырады | Мамандық иелері туралы жұмбақтар | Мамандықтардың өзіне тән ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту |
| II | 19 | Тәуелсіздік тұғырым | Қазақ халқының батырлары | «Батыр» кім екендігін түсіндіре отырып,ел қорғаған қазақ халқының батырларымен таныстыру |
| II | 20 | Туысқан елдер достығы | Достық туралы мақал-мәтелдер | Дос туралы мақал-мәтелдердің мәнін,ішкі мазмұнын айқындап түсіндіру. |
| II | 21 | Мұнайшы және шахтёр мамандықтар | Мамандыққа қатысты жұмбақтар | Жұмбақ арқылы мұнайшы және шахтёр мамандықтары туралы түсініктерін кеңейту |
| II | 22 | Жасыл әлем | Жайлық жер(жайылтым) | Жасыл жайлау туралы балалардың түсініктерін кеңейту |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| II | 23 | Тау-тастар құпиясы | Мұздар (жиынтпаи) | Мұздар туралы түсініктерін кеңейту жинастанатын мазмұнын түсіндіру |
| II | 24 | Қысқы ағаштар | Ағаштар туралы жұмбақтар | Ағаш туралы түсініктерін бекіте түсу |
| II | 25 | Жануарлардың қысқы мекені | Аңдар туралы жұмбақтар | Аңдар туралы түсініктерін молайта түсіндіру |
| II | 26 | Қыс қызығы | Қыс туралы мақалдар | Мақал-мәтел арқылы қыс мезгілінде жауатын қардың пайдасын түсіндіру |
| II | 27 | Су-өмірдің нәрі | Су туралы мақал-мәтелдер | Суға қатысты мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіру |
| II | 28 | Су-өмірдің нәрі | Суға қатысты айтылған тыйым сөздер | Суға қатысты айтылған тыйым сөздердің мағынасын түсіндіру |
| II | 29 | Құстардың қысқы тіршілігі | Құстар туралы мақал-мәтелдер | Құстар туралы айтылған мақал-мәтелдердің мәнін ашып түсіндіру |
| II | 30 | Табиғатты қорғаудағы халық болжамдары | Құстарға қарап ауа райын болжау | Халқымыз құстардың қимыл әрекетіне қарап отырып,ауа райын болжағандығын түсіндіру |
| II | 31 32 | Байланыс қызметі | Байланыс қызметіне қатысты жұмбақтар | Жұмбақтардың мазмұнын түсіндіре отырып,шешуін таптыру |
| II | 33 | Бағдаршам әмірі | Жол жүру кезінде ырымдар мен тыйымдар | Ырымдар мен тыйымдар сөздерінің мағынасын түсіндіру |
| II | 34 | Наурыз-жыл басы ? | Ұлыстың ұлы күні айтылатын бата тілектер | Ұлыс күні айтылатын бата тілектердің мазмұнын түсіндіру |
| III | 35 | Табиғат бұрышындағы тіршілік (Өсімдіктер) | Өсімдікті қорғауға байланысты тыйым сөздер | Тыйым сөздердің мағынасын түсіндіру |
| III | 36 | Табиғат бұрышындағы тіршілік (жануарлар) | Жануарлар туралы жұмбақтар | Табиғат бұрышында ұстауға болатын жануарлар туралы жұмбақтарды түсіндіріп,шешуін табуға үйрету |
| III | 37 | Орман-көркі ағаштар | Ағаштар туралы жұмбақтар | Жұмбақтарды шешу барысында ағаштар жөнінде түсініктерін кеңейту |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| III | 38 | Құстар-біздің досымыз | Құстар туралы жұмбақтар | Жұмбақтардың мазмұнын түсінуге отырып,шешуін табуға үйрету |
| III | 39 | Қызыл кітап құпиясы | Ұйқасын тап! | Қазіргі кезде азайып кеткен аңдар туралы түсініктерін кеңейте түсу |
| III | 40 | Қазақстан қорықтары | Халқымыздың жан-жануарларды қорғау дәстүрлері | Жан- жануарларды қорғау дәстүрлерімен таныстыру |
| III | 41 | Көктем келбеті | Көктемге қатысты мақал-мәтелдер | Мақал-мәтелдердің мәнін түсіндіру |
| III | 42 | Дәннен жемісіне дейін | Өсімдікке қатысты мақал-мәтелдер | Өсімдікке қатысты мақал-мәтелдердің ішкі мазмұнын түсіндіру |
| III | 43 | Дәннен жемісіне дейін | Дән тағамдары | Дәнге нелер жататынын және қандай тағамдар жасалатыны туралы түсінік беру |
| IV | 44 | Жасыл дәріхана | Халқымыздың өсімдіктерді қорғау дәстүрлері | Халқымыздың өсімдіктерді қорғау дәстүрлерімен таныстыру |
| IV | 45 | Жайлауда | Маусымдық жыр | Жайлауда балалардың іс-әрекеттері туралы маусымдық жыр арқылы таныстыру |
| IV | 46 | Ерлік - мәңгі есте | Ата-бабаларымыздың ерлік істері | Абылай атамыздың шын аты кім? Абылай атамыз туралы толығырақ мағұлмат беру. |
| IV | 47 | Ерлік –мәңгі есте | Қажымұқан атамыздың ерлік істері | Ертеде батыр аталарымыз туралы,олардың ерлік істері жөнінде де мағұлматтар беру |
| IV | 48 | Экологиялық соқпақ | Жыл мезгілдеріне қатысты тілектер | Жыл мезгілдеріне қатысты тілектердің мазмұнын түсіндіру |

## Айнала қоршаған орта және экология оқу қызметінде қазақ этнопедагогикасын қолдану үлгісі

*Тақырыбы:* Нан – ел байлығы.

*Мақсаты:* Нансыз өмір жоқ екенін балаларға түсіндіре отырып, нан дастарқанға қалай келетіні жөнінде мағұлмат беру. Халқымыздың нанды ерекше қастерлейтінін түсіндіру. Нанның түрлерімен таныстыру.

*Керекті құралдар:* Сериял суреттер, нанның суреттері, әдіс-тәсілдер, түсіндіру, көрсету, сұрақ жауап, әңгімелеу т.б

*Оқу қызметінің барысы:*

1. Педагог балаларға күнделікті жеп жүрген нандары дастарқанға қалай келетіні туралы балалардың әңгімелерін тыңдайды.
2. Сериялы суреттер арқылы педагог балаларға нанның дайындалуы туралы мағұлмат береді.
   - Көктем шығысымен диқаншылар жерді жыртып, тұқым себеді.
   - Оны жаз бойы күтіп баптайды.
   - Күзде дайын болған бидайды жинайды, тазалайды.
   - Оны ұн шығаратын өндірістерге тасиды.
   - Бидайды диірменмен тартады.
   - Шыққан ұнды қапқа салып, наубайханаларға жөнелтеді.
   - Наубайханада наубайшылар ұннан қамыр дайындап,нандар пісіреді.
   - Дайын болған нандарды көліктермен азық-түлік дүкендеріне жеткізеді.
   - Сендердің ата-аналарың еңбек істеп, тапқан ақшаларына дүкеннен нан сатып алады.
   - Оны бөліп дастарханға қояды.

   Балаларға «наубайхана», «наубайшы» сөздері түсіндіріледі.

   *Наубайхана* –нан пісіретін мекеме.

   *Наубайшы* – нан пісіруші адам.
3. Сергіту сәті.

   Балалар сериялы суреттердегі әрекеттерді қимыл-қозғалыспен көрсетеді.
4. Нанның аса көп еңбекпен келетінін білген халқымыз нанды ерекше қастерлейді. Балаларға нанға қатысты айтылған тыйымдар мен ырымдардың мағынасы түсіндіріледі.

   -Нан – дәм басы. Сондықтан дастарқанға алдымен нанды қою керек.

   -Нанды қолмен сындыруға болмайды.

   -Нанды төңкеріп қоюға болмайды.

   -Жерге түсіп жатқан нанды алып, адам баспайтын жерге қою керек.

5. Балаларды нанның түрлерімен таныстырады: бөлке нан, күлше нан, токаш, табақ нан, таңдыр нан т.б.
6. Оқу қызметінің соңында «Наубайхана» тақырыбында желілі рөлді ойын ұйымдастырылады.

*Тақырыбы:* Көлік түрлері.

*Мақсаты:* Көлік түрлерімен таныстыра отырып, бағдаршам, жолдар туралы мағұлматтар беру. Көлік туралы жұмбақтарды шешеу арқылы балаларға көлік түрлерінің ерекшеліктерін тереңірек түсіндіру. Ұлттық көлік түрлерімен таныстыру.

*Керекті құралдар:* Көлік түрлерінің суреттері, текшелер, әдіс-тәсілдер, көрсету, түсіндіру, әңгімелесу, сұрақ-жауап, ойын, үш түсті (сары, қызыл, жасыл) картоннан қиылған дөңгелекшілер т.б.

*Оқу қызметінің барысы:*

1. Балалар суреттерге қарап, өздері білетін көлік түрлерін атап шығады. Таныс емес көліктермен педагог таныстырады. Сонымен бірге ұлттық көлік түрлерімен де таныстырып өтеді.

*Ат (Жылқы)*-мінуге жарамды атты таңдап алып оны көлікке пайдаланады.

*Ат арба*-шеберлер атқа сәйкестіріп арба жасаған. Оны атқа жегіп, жүк артқан адамдарды тасыған.

*Күйме*-арбаға ұқсас, бірақ төртбұрыштап, әшекейлеп жабық түрде жасаған. Мұнда да атқа жегеді.

*Түйені* мініске және жүк артуға пайдаланған.

2. Балалар сурет бойынша жерде, суда, әуеде жүретін көліктерді үш топқа топтастырады.

3. Осы көліктер бөлігі бір жолдармен жүреді. Жолдардың түрлері көп. Балаларды жолдар атауларымен таныстырады.

-Даңғыл жол-сайрап жатқан, машиналар жүруге арналған тегіс жол.

-Су жолы-кемелер жүретін жол.

-Әуе жолы-ұшақтар жолы.

-темір жол-пойыз жолы.

4. Бағдаршам туралы мағұлмат беріледі. Әр түстің ерекшеліктері таныстырылады. Бағдаршам-адамдар мен машиналардың қозғалысын реттеуші құрал.

5. Сергіту сәті.

6. Балаларға көлік туралы жұмбақтар айтылады.

Құстан аумайды,
Көкте зулайды.

*(Ұшақ)*

Төбесінде күндегі
Жалғанған желігі.
Қабырғада күндегі,
Нұр шашқан төріне.

*(Троллейбус)*

Үш көзді батыр,
Жолды аңдып жатыр.

*(Бағдаршам)*

Әкемнің тор тайы,
Май жалап су ішкен,
Тоқтамай жортады.

*(Машина)*

7. Оқу қызметінің соңында балалар текшелерден көліктер құрастырады.

*Тақырыбы:* Табиғат көрінзудағы халықтық болжамдар.

*Мақсаты:* Балаларды табиғат құбылыстарымен таныстыра отырып, құстарға, хайуанаттарға, табиғат көріністеріне қарап ауа райын болжаудың қыры мен сыры туралы түсінік беру. Табиғат атаулары туралы түсініктерін жетілдіру. Табиғатты сүйе білуге үйрету.

*Керекті құралдар:* Жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының суреттері.

*Әдіс – тәсілдер:* әңгімелеу, сұрақ-жауап, түсіндіру, бақылау, ойын т.б.

*Оқу қызметінің барысы:*

1. Педагог балаларға табиғат бір қалыпта тұрмайтындығын, үнемі өзгеріп тұратындығын түсіндіреді.

Балалар жылдың төрт мезгілінің ерекшеліктерін айтады; қыста қар жауып,

ашық болса, жазда жаңбыр жауып, күн күркірейді, найзағай жарқырайды.

2. Педагог балаларға жаңбырдың қардың ауаның желдің бірнеше түрі болатындығын айта отырып, жаңбырдың түрлерімен таныстырып өтеді.

*Жаңбыр*-бұлттан бөлініп жерге түсетін су тамшылары.

*Ақ жаңбыр*-ұзақ уақыт бойы себелеп жауып тұратын жаңбыр.

*Нөсер*-төгіп-төгіп жауып, тез аяқталатын жаңбыр.

*Бұршақ* – мұз күйінде түсетін кішкене домалақ-домалақ түйіршік жауын.

*Соқыр жауын*-күннің көзі шығып тұрған кезде жауатын жаңбыр.

*Сел*- қар мен мұз еріген кезде немесе қатты нөсер жаңбырдан кейін болатын су тасқыны.

*Шық*-күн суық болған кезде таңертең топырақ бетіне не шөп басына тұрып қалатын мөлдіреген тамшы су. Күн шыққан кезде шық жоғалады.

*Кемпірқосақ*- жаңбыр жауғаннан кейін аспанда түрлі түсті доға сияқты көрінетін жолақтар.

*Найзағай*-жаңбыр бұлттарының бір-бірімен соғылуы кезінде пайда болатын оттың ұшқыны. От ұшқыны жарық ете қалады.

*Күн күркіреу*-бұлтты күндері найзағай жарқыраған кезде пайда болатын жаңғырық дыбыс.

3. Балаларды ауа райын болжаудың халықтық нұсқаларымен таныстырады. Ауа райын алдын ала болжаудың халықтық нұсқалары әлі күнге дейін өз мәнін жойған жоқ. Алайда нақтылы тұста кейбір ауытқушылықтар болуы мүмкін. Бірақ талай жылғы өмір дәлелденген халықтық тәрбие нұсқаларының орны ерекше.

*Хайуанаттардың қылықтарына қарап ауа райын болжау:*

-Лақ, қозылар секендеп ойнақтаса жаңбыр жауады.

-Ит көп ұйықтаса ауа райы бұзылады.

-Ит жерге көп аунай берсе жазда жаңбыр жауады, қыста боран соғады.

-Мысық пеш үстіне шығып ұйықтаса күн суытады.

-Мысық жуынса күн ашылады.

*Құстарға қарап ауа райын болжау*

-Құстар көңілдене сайраса, күн ашық болады.

-Құстардың дыбыстары шықпаса, күн күркірейді.

-Тауық бір аяғын көтеріп тұрса аяз болады.

-Сауысқан үйдің жанында ұшып, шатыр інінe кіріп алса, боран болады.

-Қарға жазда аузын ашып қарқылдай берсе, найзағай ойнайды.

-Қарғалар жиналып, шуласып, төңіректі басына көтерсе қар жауады.

-Жаңбыр жауған күні әтеш таңертең ерте шақырса, күн ашылады.

*Ауа райын табиғат көріністері мен құбылыстары арқылы болжау*

Ауа райының жақсару белгілері:

-Күндіз ыстық болып, түнде салқындайды.

-Кешке қарай жаңбыр басылады.

-Күн батқан кезде қызарып батады.

-Аспандағы бұлттар кетеді.

-Аспан көгілдір түске енеді.

-Үй пішінің мұржасынан шыққан түтін тік көтеріледі.

Жаңбыр жаудың нышандары:

-Күн батарда, аспан сұрланады.

-Кешкісін жел күшейеді.

-Бұлт аспанды түгел басады.

-Күн кенет қатты ысып кетеді.

4. Ойын: Жануарлар қалай үнлейді?

Ойын жүргізуші бір жануардың атын атайды. Балалар аталған жануардың дыбысын, қимылын көрсетеді.

5. Педагог оқу қызметін қорытындылайды.

**Қазақ этнопедагогикасын қолдану үлгісі**

**Тыйым сөздер**

1. Есікті теуіп ашпа
2. Саусағыңды аузыңа салма
3. Мақтаншақ, тәкаппар болма
4. Есікті керме, құшақтама
5. Табалдырықты баспа, табалдырыққа отырма

**Жеті ата**

1. Ата
2. Әке
3. Бала
4. Немере
5. Шөбере
6. Шөпшек
7. Немене

**Табиғат тамашыларына байланысты мақал-мәтелдер**

Ағаш көркі жапырақ,
Адам көркі шүберек.

Жаңбыр жауса, жер ырысы,
Батыр туса ел ырысы.

Гүл өссе жер көркі,
Қыз өссе ел көркі.

Жаңбырмен жер көгереді,
Батырмен ел көгереді.

**Алтын күз**

*(өлең)*

Сарғайды тоғай,
Сап-сары маңай.
Соңғы әнін айтып,
Құс кетті айтып.
Айнала жым-жырт,
Көк аспан сұрғылт.
Жер жыртқан тыңда

Трактор жүр тынба

Жапырақ түсті,

Суық та түсті. *(М.Әлімбаев)*

**Жеміс-жейдектер, көкөністер туралы жұмбақтар**

Көктемде ақ гүл оранады,

Күзде қолға доп болып оралады. (Алма)

Өзінің нәрін татады

Жасыл шатыр астында

Кететіндей үзіліп,

Мойыл моншақ тізіліп. (Жүзім)

Бақшадан жер қазып,

Жиып алдым жез қазық. (Сәбіз)

Қос құлағы қайқайып,

Су ішкен сайын марқайып,

Күн ысыса тон жинайды,

Доп болғанда ел жинайды. (Қырыққабат)

**Нанға қатысты тыйымдар мен ырымдар**

1. Нан-дәм басы. Сондықтан дастарқанға алдымен нанды қою керек.
2. Нанды қолымен сындыруға болмайды.
3. Нанды төңкеріп қоюға болмайды.
4. Жерге түсіп жатқан нанды алып, адам баспайтын жерге қою керек.

## Ислам тағылымы

Біз мұсылманбыз. Қазақ, өзбек, тәжік, қырғыз, түрік, т.б. халықтар мұсылмандар. Мұсылмандардың діндері бір-ислам діні. Яғни біздің дініміз ислам. Қасиетті күніміз жұма. Жұма күні қайтыс болған (өмірден өтіп кеткен) адамдарға құран оқытамыз. Мешітке барып садақа береміз. Жеті шелпек пісіреміз.

*Мешіт*-қасиетті инабат, ғибрат орны. Әр мұсылман мешітке оң аяғын салып, сәлем беріп, кіреді. Әр мұсылман мешітке құрметпен қарауға міндетті.

## Қазақ халқының хандары

Керей хан-қазақтың алғашқы ханы.

Тәуке хан-алғаш рет «Билер кеңесін» құрған. Үш жүздің билерін сайлаған.

Абылай хан-«Абылайлап» ұран тастап, елін, жерін жаудан азат еткен.

Кенесары хан-Абылай ханның немересі. Үш жүздің басын қосып, жаулардан қазақ елін қорғаған хан.

Қазақ елін басқарған хандарды халқымыз ерекше құрметтеп, олардың ерлік істерін әңгімелеп айтады. Ұмытылмас үшін ескерткіштер тұрғызған. Көшелерді хандардың атымен атаған. Мысалы: Алматы, Көкшетауда Абылайға ескерткіш тұрғызған. Астанадағы көше Кенесары ханның есімімен аталады т.б.

**Тыйым сөздер**

1. Кісі мініне, кемтарға күлме.
2. Адамға, малға зәбір жасама.
3. Дініңді, ұлтыңды, арыңды сатпа.
4. Ұрлық қылма, зорлық қылма.
5. Көп ішінде қатты сөйлеме, қатты күлме.

**Мақал- мәтелдер**

Отан оттан да ыстық.

Ел-елдің бәрі жақсы.

Отансыз адам, ормансыз бұлбұл.

Басшысын таппаған ел азады
Жолдасын таппаған ер азады.

Отанды сүю-отбасынан басталады.

## Ұлттық көлік түрлері

*Ат (жылқы)*-мінуге жарамды атты таңдап алып оны көлікке пайдаланады.
*Ат арба*-Шеберлер атқа сәйкестіріп арба жасаған. Оны атқа жегіп, жүк артқан адамдарды тасыған.
*Күйме*-арбаға ұқсас, бірақ төртбұрыштап, әшекейлеп жабық түрде жасаған.
Мұны да атқа жегеді.
*Түйені*-жүк артуға пайдаланған.

**Көлік туралы жұмбақтар**

Құстан аумайды,
Көкте жаулайды. *(Ұшақ)*

Төбесінде күндегі,
Жалғанған желігі.
Қабырғалы күндегі,
Нұр шашқан төріне. *(Троллейбус)*

Үш көзді батыр,
Жолды аңдып жатыр. *(Бағдаршам)*

Әкемнің тор тайы,
Май жалап су ішкен,
Тоқтамай жортады. *(Машина)*

**Өтіп кеткен күндер:**
Алдыңғы күн
Кеше
Бүгін

**Келер күн:**
Ертең
Арғы күндер

**Халық туралы мақал-мәтелдер**

Айнала,айнала емес, халық айнала.

Халық айтпайды,
Халық айтса, қалт айтпайды.

Халық қатесіз сыншы.

Елді сыйлағанның, өзіңді сыйлағанның.

Халықтың құшағы кең.

**Жыл он екі ай**

Қаңтар-айнала ақ қар,
Ақпан-суықтан сақтан,
Наурыз-жер әлі сыз,
Көкек-төгеді төңірек,
Мамыр-қолға ал шатыр,
Шілде-шомыл көлде,
Тамыз-піседі қарбыз,
Қыркүйек-көкөніс жүрміз тиеп,
Қазан-дала тозаң,
Қараша-ақ, қара, алаша,
Желтоқсан-ай бұл қыс басталған.

**Туыстық атаулар**

*Ата-әжесі*-әкесінің әке-шешесі;
*Аға-апалары*-әкесінің аға-інілері мен апа қарындастары. Анасы жағынан туысқандар болып келетін адамдар нағашылары болып табылады. Олар:
*Нағашы атасы, нағашы әжесі*-анасының әке-шешесі.
*Нағашы аға, нағашы апа*-анасының аға-інілері, апа-сіңлілері. Ал нағашы жұртына бала жиен болады. Бір отбасынан шыққан апалы-сіңлі адамдардың балалары бір-біріне *бөле* болады.

**Еңбек туралы мақал-мәтелдер**

Аузың айтқанды қолмен істе.

Бақыт кілті – еңбек

Еңбек ет те мақтан,
Ойнап күл де шаттан.

Өзің тапқан нан тәтті.

**Мамандық иелері туралы жұмбақтар**

Өрнектеп, сәндеп,
Тігістерін бүгетін,
Сәнмысын жөндеп,
Кім көйлек тігетін. *(Тігінші)*

Бал татыған мәзір
Ол бар жерде әзір. *(Аспазшы)*

Көрінбейді өзі
Естіледі сөзі *(Радио дикторы)*

**Қазақ халқының батырлары**

Қобыланды батыр
Қабанбай батыр
Бөгенбай батыр
Жәнібек батыр
Наурызбай батыр

**Достық туралы мақал-мәтелдер**

Елдестірмек елшіден, жауластырмақ жаушыдан

Жолдасы көптің-қолдасы көп

Жүз сом ақшаң болғанша, жүз жолдасың болсын.

Досы көпті жау алмайды,
Ақылы көпті дау алмайды.

**Жұмбақтар**

Маңдайға жағып шырақты,
Лавалардан тұрақты
Азығын отын өзенің
Жылытқан кім өз елін? *(Шахтёр)*

Тұлғалы кең иығы,
Мұнары оның тұрағы
Мал далада бұйрығы
Сөнбей жанса шырағы
Жер астынан суығы
Фонтан болып шығады. *(Мұнайшы)*

**Жайдақ жер**
(жаңылтпаш)
Жалағай жайпақ-
Жайдақ жер
Жағалай қонар
Жайлап ел,
Жалағай жайдақ болса да,
Жап-жасыл жерді-
Жайлау дер.

**Мұзарт**
(жаңылтпаш)
Мұзарт-
Мұз тау мұз жапқан,
Мың баспан боп мұз қатқан.
Маусымда да із бақпан, Мұзарттағы мұз жапқан.

**Ағаштар туралы жұббақтар**
Дауылға нық күші
Ағаштың мықтысы *(Емен)*

Дауылға да, аязға да
Шыдап бағар біз бақпай.
Тау етегі тұрады
Жап-жасыл боп тұрады *(Қарағай)*

Қысы жазы шешпейтін
Көйлегі бар жасылдан *(Шырша)*

**Аңдар туралы жұмбақтар**
Басына өскен тарбиып,
Жапырақсыз бұтағы,
Аңады олан кан құйып
Елік емес бұл дағы *(Бұғы)*

Жақпар тастың өркешіне,
Секіреді құралай.
Қия құздың өр төсіне
Орғып шығар оп оңай *(Арқар)*

Қаймықпайды күшті аңнан
Қорқады тек тышқаннан *(Піл)*

Түрі жылқы бейнесі
Жолақ-жолақ жейдесі *(Зебр)*

**Қыс туралы мақал-мәтелдер**

Қыс қарлата, дауылдата келеді

Ақ қар көп болса, ақ нан көп

Қыс қатты болса,
Жерің ылғалды болады.
Жерің ылғалды болса,
Еккенің нәрлі болады.

**Су туралы мақал-мәтелдер**

Судың да сұрауы бар.

Суымен жайық әдемі,
Ескегімен қайық әдемі.

Судың басы- бұлақ
Сөздің басы-құлақ.

Сулы жер – нұрлы жер
Бұлақты жер - тұрақты жер

**Суға қатысты айтылған тыйым сөздер**

1. Суға дәрет сындыруға болмайды,
2. Суға түкіруге болмайды
3. Қара суды сапыруға болмайды
4. Суды бекерге ысырап қылуға болмайды.

**Құстар туралы мақал-мәтелдер**

Қарға қырқылдаса, қысты шақырады.

Қаз қаңқылдаса жазды шақырады.

Қара құс басын жейді.

Сұңқар шашын жейді.

Көкек өз атын өзі шақырады.

Құс жеткен жеріне қонады.

**Құстарға қарап ауа райын болжау**

-Үйрек бір аяғымен тұрып, басын қанатының астына тықса-аяз болады.

-Әтеш қыстың күні бір аяғын көтеріп тұрса –аяз болады.

-Әтеш жаңбырлы күні таң ата шақырса, күн ашылады.

-Қаз бен үйректер суға шомылып,қиқулап, қанаттарын қомдап мазасыздана бастаса ауа райы бұзылады.

-Құстар ертемен жем іздеуге шықса, күн жауынды-шашынды болады.

**Байланыс қызметіне қатысты жұмбақтар**

**Көктем көзін аңсайды**
**Ғарыш сырын барлайды** *(Телескоп)*

**Шыр-шыр етеді**
**Құлағыңнан өтеді.**
**Ұстай алсаң сөйлеп кетеді** *(Телефон)*

## Жол жүру кезінде есте ұстайтын ырымдар мен тыйымдар

1. Үлкендердің жолын кес пе, сөзін бөлме.
2. Адамға пышақ, мылтық кезенбе.
3. Адамды айналма.
4. Адамға қарап түкірме, есінеме.
5. Орынсыз күлме.
6. Жұрт алдында құлағыңды, мұрныңды шұқыма.

## Ұлыс күні айтылатын бата-тілектер

-Амансың ба? ұлыс оң болсын,
 Ақ мол болсын,
 Қайда барса жол болсын!
-Ұлыс береке берсін,
-Бәле-жала жерге енсін!
-Ұлыс бақты болсын,
 Төрт түлік ақты болсын!

## Өсімдіктерді қорғауға байланысты тыйым сөздер

1. Көк шөпті жұлуға болмайды.
2. Шалғынды басуға болмайды. Обал болады.
3. Өсіп тұрған ағашқа балта тигізуге болмайды.

## Жануарлар туралы жұмбақтар

-Үсті толы ине
 Бірақта, іс тігін,
 Қадамайды түйме. *(Кірпі)*

-Тастамайды бір елі,
 Үйін сүйреп жүреді. *(Тасбақа)*

Сылдырмақтан қорқады,
Шошынып жортады *(Қоян)*

Ағаштар туралы жұмбақтар

Топырақтан нәр алып,
Тамырлары таралып,
Өсіп шықты еккенім,
Көріктенді мекенім. (Ағаш)

Жасыл болып жыпырлап өнеді.
Сары болып үзіліп семеді *(Жапырақтар)*

Құстар туралы жұмбақтар

Бұлдыр-бұлдыр болшықты
Жинады да талшықты
Ұқсатып қамытқа
Үй салды жабыққа *(Қарлығаш)*

Қалқып тұрып аспанда
Үн шығарып сан қилы
Өнеріне басқанда,
Тұла бойын балқиды *(Бозторғай)*

Шуға бөлеп жағаны
Қанаттарын қағады.
Айдын судың түлені
Шабақ іліп жүреді. *(Шағала)*

**Ұйқасын тап**

Құйрығы он қарыс,
Бұл айбатты .... Жолбарыс

Тауда жүрген тарғыл аң

Ол қайратты.... Қобылан

Қалқиған қос құлақты,

Теңбіл түрі көрікті

Мекен жері бұлақты

Білемісің..... Елікті

Айбат шегер алыстан

Аң патшасы..... Арыстан

**Жан уарларды қорғау**

Қазақ халқы жан-жануарлардың қадір қасиетін ерекше бағалаған.

-«Киелі құс» деп аққуды атаған

-Құмырсқаның илеуін бұзбаған

-Торғайдың жұмыртқасын шақтырмаған

-Құстардың ұясын бұздырмаған

-Жолбарыс, аюды көп аулатпаған

-Жылан үйге кіріп кетсе, басына ақ құйып шығарған.

**Көктемге қатысты мақал-мәтелдер**

Сәуір болмай, тәуір болмас.

Сәуір болса күн күркірер,

Күн күркіресе көк дүркірер.

Сәуірдегі жауын,

Сауып тұрған сауын.

**Өсімдікке қатысты мақал-мәтелдер**

Күтімі жаман ағаштың бітімі жаман.

Гүлсіз жапырақ тұл,
Көксіз топырақ тұл.

Мәуелі ағаш майысқақ

Тікен гүлін қорғайды,
Ара балын қорғайды.

**Дәнге бидай, тары, жүгері, күріш жатады**

Дәннен жасалған тағамдар:

-бидай көже

-талқан

-тары көже

-күріш көже

-палау

-жүгері көже

**Өсімдіктерді қорғау**

-Көк шөпті жұлса, көктей соласың деп көк шөпті жұлғызбаған.

-Наурыз мерекесінің алдында ағаш отырғызған

-Шөбі шүйгін жерлерді малдың аузы тигенше аяққа бастырмаған. Себебі, тапталған шөп екінші рет дұрыс өспейді деп түсіндірген.

-Ағаш кестірмеген, оның орнына «Бір ағаш кессең, он тал ек» деген қағиданы үлгі тұтқан.

**Маусымдық жыр**

Балакай-ау, балакай,
Жаз келеді, алакай.

Жалаң аяқ жүгіреміз
Балақты да түреміз
Көлден балық сүземіз
Жалтылдатып тіземіз
Сан қызықты көреміз.
Тау мен тасты кеземіз,
Сайдан жидек тереміз.
Тайға мініп жүреміз,
Алты бақан тебеміз.

**Абылай атамыздың шын аты кім?**

Абылай атамыздың әкесі шақырып қойған аты Әбілмансұр екен. Әбілмансұр Төле бидің түйесін бағады. Үсті-басы алба-жұлба болғандықтан Сабалақ деп атайды. Бірде қазақ еліне жау шабады. Жауға Сабалақ «Абылайлап» ұран тастап айқайлап жауға қарсы шығып, сол соғыста жеңіске жетеді. Содан кейін Әбілмансұрды халқымыз құрметтеп Абылай деп атап кетеді. Хан сайлайды.

**Қажымұқан атамыздың ерлік істері**

Қажымұқан Мұнайтпаұлы дүниежүзіне танылған асқан палуан болған.
Қажымұқан бір байдың малын бағады. Бірде өгіз сиыр жардан құлап өледі.
Ауыр өгізді Қажымұқан мойнына көтеріп алып ауылға дейін алып келеді.
Ауыл адамдары Қажымұқанның асқан күштілігіне қайран қалады.

**Жыл мезгілдері қатысты тілектер**

Халқымыз жыл мезгілдерін де ерекшеліктерімен бағалап, әр жыл мезгілдерін қуанышпен қарсы алатын болған.

Күзде молшылық болсын!

Жаз жайдарлы болсын!

Қыс жайлы болсын!

Көктем күлімдеп келіп, күлімдеп кетсін!-деген тілектер тілеп отырған.

## Сөйлеуді дамыту оқу қызметінде қазақ этнопедагогикасын қолданудың тақырыптық күнтізбелік жоспары

| Тоқсан | Рет саны | Бағдарлама бойынша оқу қызметінің тақырыбы | Оқу қызметінің барысында қазақ этнопедагогикасын қолдану | Мақсаты |
|---|---|---|---|---|
| I | 1 | Тіл – халық қазынасы | Тіл туралы мақал-мәтелдер | Мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіру |
| I | 2 | Алтын күз | Арнау – тілек өлеңдер | Арнау – тілек өлеңдер арқылы жаңбыр, бұлт, күн туралы түсініктерін кеңейту |
| I | 3 | Қ.Шаңғытбаев «Күзгі жапырақтар» өлеңі | Сабан тойы | Сабан тойы туралы түсінік беру |
| I | 4 | Мектепке саяхат | Тыйым сөздер | Тыйым сөздердің мағынасын түсіндіру |
| I | 5 | Н.Айтов «Мектеп» | Білім туралы мақал-мәтелдер | Мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіру |
| I | 6 | Біздің отбасымыз | Туыстық атаулар | Баланың әке жағынан, шеше жағынан қандас туыстарын дұрыс атауға үйрету |
| I | 7 | И.А.Крылов «Шегіртке мен құмырсқа» (аударған А.Құнанбаев) | Құмырсқа туралы өтірік өлең | Өтірік өлең туралы түсінік беру |
| I | 8 | Ө.Тұрманжанов «Қайдан келдің бауырсақ?» өлеңі | Ұннан жасалатын тағамдар | Күлше, жұқа нан, таба нан бауырсақ, құймақ, шелпек т.б. таныстыру |
| I | 9 | Хайуанаттар бағына саяхат | Хайуанаттар туралы жұмбақтар | Жұмбақтардың мағынасын түсіндіріп шешуін табуға |
| II | 10 | Жабайы аңдар | Түз хайуанаттар туралы | Жыртқыш аңдар мен аңдар жайында түсінік беру |
| II | 11 | Қыс қызығы | Қар атаулары | Ақша қар, үйме қар, жапалақ қарлар туралы түсінік беру |
| II | 12 | Үй жануарлары | Төлдермен тілдесу сұрамағы | Сұрамақты дұрыс диалог түрде айтуға үйрету |
| II | 13 | Ойыншықтар көрмесі | Жасанды диалогқа негізделген тәжікелесу | Тәжікелесудің мағынасын түсіндіру |
| II | 14 | Біздің ойыншықтарымыз | Табиғи диалогқа негізделген тәжікелесу | Тәжікелесудің мағынасын түсіндіру, жатқа айтуға үйрету |
| II | 15 | «Қарлығаш пен дәуіт» ертегісі | Қарлығаш туралы жұмбақ | Жұмбақтың мәнін түсіндіру және шештіру |
| II | 16 | Көктем | Маусымдық жыр «Көктем» | Жырдың мазмұнын түсіндіру, жатқа айтуға үйрету |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| II | 17 | Құстар | Құстар қалай үн қатады? (ойын) | Құстардың дыбыстарымен таныстыру, дұрыс айтуға үйрету |
| II | 18 | Көктем құстары | Жыл құстары | Жыл құстары сөзінің мағынасын түсіндіру, дұрыс айтуға үйрету |
| III | 19 | «Кім күшті?» ертегі | Мұз туралы сұрамақ | Сұрамақтың мағынасын түсіндіріп, диалог түрде айтуға үйрету |
| III | 20 | «Бес ешкі» ертегі | Айтыс түрінде келетін сұрамақ | Сұрамақтың мағынасын түсіндіріп, диалог түрде айтуға үйрету |
| III | 21 | Аналар мейрамы | Әжелер, аналар, қыздардың әшекейлік бұйымдары | Әшекейлік бұйымдарымен таныстыру, дұрыс атауға үйрету |
| III | 22 | Жыл басы-Наурыз | «Сәумалық» маусымдық жыры | Жырдың мағынасын түсіндіру |
| III | 23 | Жыл мезгілдеріне саяхат | Табиғатқа қатысты ырымдармен таныстыру | Ырымдардың мағынасын түсіндіру |
| III | 24 | Д.Қанатбаев «Күлімде, күн күлімде!» | Көктем туралы жұмбақтар | Жұмбақтардың мағынасын түсіндіру және шешуін шештіру |
| III | 25 | Жасыл орман | Ағаш туралы жұмбақтар | Жұмбақтардың мағынасын түсіндіру және шешуін шештіру |
| III | 26 | Қаладағы көлік түрлері | Ұлттық көлік түрлерімен таныстыру | Күйме, ат арба т.б. көлік түрлерімен таныстыру |
| III | 27 | Көлік түрлері. Жүргізушінің еңбегі | Жол атаулары | Жол атауларымен таныстыру |
| III | 28 | Көше тәртібі | Тыйым сөздер | Көшеде жүруге қатысты тыйым сөздердің мәнін түсіндіру |
| IV | 29 | Балалардың аты-жөні, отбасы, туған күні | Жеті атасын білу | Жеті ата деген түсінікті қалыптаса отырып, жеті атасын атай білуге үйрету |
| IV | 30 | Туған өлке | Отан туралы мақал-мәтелдер | Мақал-мәтелдің мәнін түсіндіру |
| IV | 31 | Менің Астанам | Мешіт туралы | Мешіт туралы түсінік беру |
| IV | 32 | 1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі мерекесі | Бірлік-ынтымақ туралы мақал-мәтелдер | Мақал-мәтелдердің мәнін түсіндіру |
| IV | 33 | 9 мамыр –Жеңіс күні | Жауынгерлік қару-жарақтар | Мақал-мәтелдердің мәнін түсіндіру |
| IV | 34 | Біздің қаладағы (ауылдағы) тарихи орындар | Қазақ халқының билері | Билермен таныстыра отырып, осы билердің атындағы көшелер мен ескерткіштермен таныстыру |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| IV | 35 | Қазақстан қазынасы | Байлық туралы мақал-мәтелдер | Мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіру |
| IV | 36 | Қазақстанның мал шаруашылығы | Сүт тағамдары | Төрт-түліктің сүтінен дайындалатын тағамдарымен таныстыру |
| IV | 37 | Менің Қазақстаным | Ислам тағылымы | Мұсылман парыздары туралы түсінік беру |
| IV | 38 | Жұмбақ әлеміне саяхат | Жұмбақ-жаңылтпаштар | Жұмбақ жаңылтпаштарды дұрыс айтуға, дұрыс шешуге үйрету |
| IV | 39 | Еңбек ер атандырады | Халық арасынан шыққан шеберлер | Ағаш шебері, уста, тоқымашы, тігінші т.б. |

**Қазақ этнопедагогикасын сөйлеуді дамыту оқу қызметінде пайдалану үлгісі**

**Тіл туралы мақал-мәтелдер**

Тіліңмен жүгірме,
Біліммен жүгір.

Тіл басың,
Бассыз қайда барасың,
Тіл көзің,
Көзсіз қайда барасың.

Өнер алды қызыл тіл.
Арнау-тілек өлеңдер
*Бұлт арасына жасырынған күнге:*

Май берейін, құрт берейін
Күннің көзішық, шық!

*Аспандағы бұлтқа:*
Жандай досың ақ бұлт,
Аспандағы сақ бұлт,
Ескен желді сұр бұлт,
Еліктірмей жете гөр!

*Сіркіреп жауған жаңбырға:*
Жау, жау, жаңбыр, жау, жау
Көк биеңді сау, сау!

**Сабан тойы**

Сабан тойы күзде болатын той. Астық жинау жұмысы аяқталғаннан кейін тойланады. Кейде мұндай мерекелер егіс басында өткізіледі. Барлық адамдар өте көңілді жүреді. Шыққан астықты шашпай-төкпей жинап алынады. Әр үйдің қамбасы астыққа толады.

**Тыйым сөздер**

Кісі мініне күлме
Адамды айнalма
Қыз баланы ұрма
Құр босқа сөйлеме
Орынсыз күлме
Әдепсіз сөз айтпа
Мақтаншақ тәкаппар болма

**Білім туралы мақал-мәтелдер**

Кісінің көркі киім емес, білім
Оқымаған бір бала, оқыса екі бала.
Оқусыз білім жоқ,
Білімсіз күнің жоқ.

**Туыстық атаулар**
**Баланың әке жағынан туыстары:**

«ата-әжесі-әкесінің әке-шешесі.
«аға-әпкелері-әкесінің аға-інілері мен әпке-қарындастары.
Анасы жағынан туысқандар болып келетін адамдар нағашылары болып танылады. Олар:
«нағашы атасы, нағашы әжесі-анасының әке-шешесі.
«Нағашы аға, нағашы әпке-анасының аға-інілері, әпке-сіңлілері.
Бала нағашы жұртына жиен болады.

**Құмырсқа туралы**
***мақал-мәтелдер***

Шауып келем қалаға.
Құмырсқаның үстінде.
Шалқып жүрдім қуана,
Қоянның дәл үстінде

Құмырсқаның үстіне,
Арттым алтын дорбамды.
Дөңгелегін сырғыттым,
Көк шегіртке жорғамды.

**Ұннан жасалатын тағамдар**

Ұннан әр түрлі нандар (күлше, жұқа нан, таба нан) шелпек, быламық, бауырсақ, құймақ пісіреді.

**Хайуанаттар туралы жұмбақтар**

Тік жардай түсті,
Шұбатылған
Тұмсығы күшті,
Таситын жүкті.
Бұл қандай мықты? (піл)
Түрі жылқы бейнесі,
Жолақ-жолақ жейдесі (зебр)
Қара ала тоны бар,
Аңдардың ол краны
Оны сенде танып ал,
Серейіп кеп тұрады (керік)

**Түз хайуанаттары туралы**

Тиін, суыр, құндыз, бұғы, құлан, арқар т.б аңдарға жатады. Бұл аңдардың терісі, мүйізі өте бағалы. Қазір өте сирек кездеседі, шөптермен қоректенеді, зияны жоқ.

Ал, аю, жолбарыс, қасқыр, түлкі, қабылан т.б. жыртқыш аңдар. Бұл аңдар көбінесе әлі жеткен аңдармен қоректенеді. Қасқыр қыста қой, жылқы малдарына жиі шабуыл жасайды. Бұл өте қауіпті аңдар қатарына жатады.

**Қар атаулары**

Қар қыс мезгілінде жауады, ұсақ, ұлпа, ақ түсті болады, қолға ұстаса еріп кетеді. Қардың түрлері өте көп. Оны қардың түсіне, көлеміне қарап анықтаймыз.

Ақша қар-жаңажауған қар.
Жылбысқа қар-ери жауған қар.
Жапалақ қар-ірі-ірі (үлкен-үлкен) болып жапалақтап жауған қар.
Үйме қар-боран соққан кезде үйіліп қалған қар.

**Сұрамақ**

**Төлдермен тілдесу**

-Лағым-ау, лағым.
Неден шұнақ құлағың?
-Секіріп көп құладым.
Содан шұнақ құлағым.
-Көшекен-ау, көшекен,
Неден көңілің босаған?
-Көп қаланып ошаған,
Содан көңілім босаған.
-Құлыным-ау, құлыным,
Неден сұлу тұлымың?
-Семіріп су тұнығын,
Содан сұлу тұлымым.
-Торпағым-ау, торпағым,
Неден болдың қорқағым?
-Қалбаңдаса қалпағың,
Содан қатты қорқағым.
-Ботақан-ау, ботақан,
Неден болдың момақан?
-Мен де өзіңдей балақан,
Момындықты жаратам. А.Ақылбеков

**Жасанды диалогқа негізделген тәжікелесу**

-Айна.
-Сағызыңды шайна!

-Шапан.
-Мыстан кемпір сенің апаң!

-Жастық.
-Жасама сен қастық!

-Түйе деші!
-Түйе.
-Үсті басың күйе!

**Табиғи диалогқа негізделген тәжікелесу**

-Немене?
-Тегене.
-Төмен қарай дөңгеле.

-Мынау қандай ағаш?
-Қайың.
-Сыбаған дайын.

-Кімнің баласысың?
-Әжемнің баласымын.
-Әженің аты кім?
-Әжемнің аты жылқыда, құла ат.
-Ауылыңның үлкені кім?
-Түйе.
-Сақалдысын айтам.
-Теже.

**Қарлығаш туралы жұмбақтар**

Бұлдыр-бұлдыр, балшықты,
Жинады да тасықты.
Ұқсатып қамықпа,
Үй салды жабыққа. (Қарлығаш)
Екі айыр құйрығы,
Қияқ мұрт қанаты
Ұшқырдың жүйрігі. (Қарлығаш)

**Маусымдық жыр**

**Жазғытұрым**

Жазғытұрым қалмайды қыстың сызы,
Масатыдай құлпырар жердің жүзі.
Жан-жануар азамат анталаса,
Ата-анадай елжірер күннің көзі. А.Құнанбаев

**Құстар қалай үн қатады?**

Аққу-қиқылдайды,
Бозторғай-шырылдайды,
Бұл-бұл сайрайды,
Бүркіт-шаңқылдайды,
Көкек-көкектейді,
Қаз-қаңқылдайды,
Қарға-қарқылдайды,
Тауық-қыт-қыттайды,
Тоқылдақ-тоқылдайды,
Торғай-шиқылдайды,
Тырна-тырауылдайды,
Үйрек-барқылдайды.

**Жыл құстары**

Жыл құстары-көктем болысымен келіп ұя салады. Жұмыртқадан балапан басады. Балапандары ұшатын болған соң күзде жылы жаққа ұшып кетеді. Олар аққу, қаз, шағала, тырна, қарлығаш, қараторғай т.б.

**Сұрамақ**

**Мұз**

Толықбайдан Нұралы,
Бір күні кеп сұрады:
-Мұз деген не, мұз деген?
Ей, Толықбай ойлап қой!
-Білеміз оны біз деген,
Су бетіндегі қаймақ қой.

.

**Айтыс түрінде келетін сұрамақ**

Ешкі: Менің жегенім жантақ,
Сенің жегенің жантақ,
Сенің құйрығың неге жалпақ?
Қой: Менің жегенім ошаған,
Сенің жегенің ошаған,
Сенің құйрығың неге шошайған?

**Әшекейлік бұйымдар**

*Әжелеріміз*, аналарымыз, нағашыларымыз әдемі болуы үшін әр түрлі әшекейлі бұйымдар-сырға, жүзік, білезік, қапсырма т.б. таққан.

*Сырға*- қыздардың құлаққа тағатын бұйымы.

*Шолпы*-шашқа тағатын бұйым.

*Алқа*-мойынға тағатын ең әдемі бұйым. Алқа төртбұрыш, үшбұрыш, дөңгелек әшекейлерден құрастырылып, жіпке тізіледі.

*Жүзік*-саусаққа тағатын әшекей бұйым. Жүзіктің үстіңгі бетіне әр түрлі тастардан ою-өрнектер салынады.

**Маусымдық жырлар**

**Саумалық**

Саумалық, саумалық,
Көк құс көлің ашты ма?
Саумалық, саумалық!
Самарқанның көк тасы
Жібіді ме, көрдің бе?
Қап тауының көк құсы
Жүгірді ме көрдің бе?
Саумалық, саумалық!

**Табиғатқа қатысты тыйым сөздер**

Көк шөпті жұлма
Суға түкірме, суды сапырма
Таза суды лайлама
Аққуды атпа
Құстың ұясын бұзба

**Табиғат құбылыстары туралы жұмбақтар**

Жыл мезгілі шуақты,
Жердің беті нұрланған.
Сайды қуып су ақты,
Гүлдер өсті ырғалған (Көктем)

Терезеден есіреді,
Қараңғыны кешіреді (Сәуле)

Зәулімдеу тұрығы,
Тіреусіз тұрады (Бұлт)

Ағаштар туралы жұмбақтар
Жасыл тонының бояуы,
Жыл он екі ай оңбайды.
Діні, бүршікті сауы
Қысқы аязға тоңбайды (Шырша)

Дауылға нық күшті,
Ағаштың мықтысы (Емен)

Жасыл болып жапырлап өседі,
Сары болып үзіліп семеді (ағаш жапырағы)

**Ұлттық көлік түрлері**

*Ат (жылқы)*-мінуге жарамды атты таңдап алып оны көлікке пайдаланады.
*Ат арба*-Шеберлер атқа сәйкестіріп арба жасаған. Оны атқа жегіп, жүк артқан адамдарды тасыған.
Күйме-арбаға ұқсас, бірақ төртбұрыштап, әшекейлеп жабық түрде жасаған. Мұны да атқа жегеді.
*Түйені* мініске және жүк артуға пайдаланған.

**Жол атауларыадам мен көлік**

Адам мен көлік жүруге және жүк тасуға пайдаланатын жолдар болады.
*Даңғыл жол*-сайрап жатқан тегіс, тақтақ жол.
*Жалғыз аяқ жол*-жаяу адам және салт атты жүретін жол.
*Су жолы*-кеме жолы.
*Әуе жолы*-ұшақтар жолы.
*Тастақ жол*-ұсақ қиыршық тасты жол.
*Темір жол*-пойыз жолы.
*Төте жол*-тура жатқан жол.

**Тыйым сөздер**

Кісі мініне, кемтарға күлме
Үлкендердің жолын кесле, сөзін бөлме.
Өтірік жылама.
Адамға қарап түкірме, есінеме.

Таңдайыңды қақпа, басыңды шайқама.
Көп ішінде қатты сөйлеме, қатты күлме

**Жеті атасын білу**

1. Ата
2. Әке
3. Бала
4. Немере
5. Шөбере
6. Шөпшек
7. Немене

**Отан туралы мақал-мәтелдер**

Отан-елдің анасы,
Ел-ердің анасы.
Отансыз адам ормансыз бұлбұл
Туған жердей жер болмас,
Туған елдей ел болмас.
Туған жердің күні де ыстық,
Түні де ыстық.

**Мешіт туралы**

Біз мұсылманбыз. Қазақ, өзбек, тәжік, түрік т.б. мұсылмандар.
Біздің дініміз-ислам діні.
Мешіт-мұсылмандардың үйі. Онда намаз, құран оқылады, садақа беріледі.мешітке кірген кезде оң аяқпен аттап, сәлем беріп кіреді.

**Бірлік, ынтымақ туралы мақал-мәтелдер**

Ынтымақ болмай, іс болмас.
Бірлік бар жерде тірлік бар
Байлық байлық емес,
Бірлік байлық.

**Жауынгерлік қару-жарақтар**

Ертеде қазақ елін, жерін батырлар жаудан азат еткен. Батырлар басына дулыға, үстіне сауыт киген. Соғыс кезінде шоқпар, қылыш, садақ, қанжар, семсер пайдаланған. Беліне қорамсақ байлап, жебенің садақтың соған салған.

**Қазақ халқының билері**

Қазақ халқы үш жүзге бөлінген: Орта жүз, Кіші жүз, Ұлы жүз. Үш жүзді үш би басқарған. Үш би елді татулыққа, бірлікке шақырып, ел ішіндегі жанжалды, ұрыс-керісті болдырмай, әділбаға беріп отырған.

**Сүт тағамдары**

Сүт тағамдары төрт түлік малдың сүтінен дайындалады.

*Қымыз*-ұлттық тағамдардың ішіндегі ең қадірлі дәм. Оны тек бие сүтінен ашытады.

*Шұбат*-түйе сүтінен жасалатын шипалы сусын.

Сиыр, қой, ешкі сүттерінен айран, қаймақ, құрт, ірімшік, қатық т.б. тағамдар дайындалады.

**Ислам тағылымы**

Мұсылмандардың қасиетті күні-жұма. Жұма күні қайтыс болған (өмірден өтіп кеткен) адамдарға бағыштап құран оқытамыз. Мешітке барып садақа береміз, жеті шелпек пісіреміз. Ата-әжелеріміз намаз оқиды. Намаз оқып жатқан адамның намазын бөлуге болмайды. Егер намаз оқылып жатса, намаз аяқталғанға дейін күту керек.

**Жұмбақ-жаңылтпаштар**

Үш кіші ішік пiштiм,
Бес кіші ішік пiштiм
Неше кіші ішік піштік (8 ішік)

Шеше кеше,
Бес кеседен
Неше кесе
Сынды кеше? (2 кесе)

**Халық арасынан шыққан шеберлер**

*Ағаш шебері*-ағаштан әр түрлі бұйымдар жасайтын адам. Сандық, кебеже, киіз үйдің ағаштары-кереге, шаңырақ, есік т.б. заттарды ағаш шебері ою-өрнекпен безендіріп жасайды.

*Ұста*-темірден бұйымдар жасайтын адамдар. Әр түрлі үлкен-кіші пышақтар, күрек, балта т.б. заттар ұстаның қолынан дайындалады.

*Тоқымашы* –жүннен жасалатын бұйымдарды тоқиды. Алдымен жүнді ұршықпен иіріп алады. Ұршық-жіп иіруге арналған құрал.

Тоқуға арналған құралдарды пайдаланып тоқымашы жемпірлер, күртелер, алашалар тоқыған.

*Өрмек тоқушы*-түрлі-түсті жіптерді қағылған қазықтарға керіп, арнайы жасалған құрал арқылы өрмек тоқиды. Киіз үйдің желбау, басқұр, кілемдер өрмек тоқушының қолынан шыққан бұйымдар.

## Көркем әдебиет оқу қызметінде қазақ этнопедагогикасын қолданудың тақырыптық күнтізбелік жоспары

| Тоқсан | Реттік сан | Бағдарлама бойынша оқу қызметінің тақырыбы | Оқу қызметінің барысында қазақ этнопедагогикасын қолдану | Мақсаты |
|---|---|---|---|---|
| I | 1 | Білім күні. Бірінші қыркүйек | Білім туралы мақал-мәтелдер | Мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіру |
| I | 2 | Күз. Абай Құнанбаев | Бұлт атаулары | Сұр бұлт, ақ бұлт, тұман, ақша бұлт т.б. бұлттар туралы түсінік беру |
| I | 3 | Әлiхан мектепке барады | Таңертеңгі санамақ Е.Елубай | Санамақтың мазмұнын түсіндіру |
| I | 4 | Мектеп | Тыйым сөздер | Көпшілік орындарда өзін дұрыс ұстауға қатысты тыйым сөздердің мәнін түсіндіру |
| I | 5 | Біріншіге барамын | Тілашар тойы | Мектепке барар алдында тілашар тойы болатыны туралы түсінік беру |
| I | 6 | Жомарт күз | Сабан той | Сабан той тура балаларға түсіндіру |
| I | 7 | Қазақстан-Республикам менің | Қазақ халқының хандары | Қазақ елін билеген хандармен таныстыру |
| I | 8 | Ана-өмірдің гүлі | Аналар айтатын бесік жырлары | Балаларға бесік жырын тыңдату арқылы ананың балаға деген сезімін түсіндіру |
| I | 9 | Түлкі мен қасқыр | Түлкі туралы жұмбақ | Жұмбақтың мағынасын түсіндіру, шешуін тапқызу |
| II | 10 | «Отан» Е.Өтетілеуов | Отан туралы мақал-мәтелдер | Мақал-мәтелдің мағынасын түсіндіру |
| II | 11 | Нан қайдан шығады? И.Етекбаев | Ұннан жасалатын тағамдар | Күлше, таңдыр нан, тоқаш, шелпек, бөлке нан т.б. таныстыру |
| II | 12 | Атасынан баласы | Ботамен таныстыру | Бота туралы түсінік беру |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| II | 13 | «Қазақстан жалауы» М.Әлімбаев «Ел таңбасы елімнің» С.Қалиев | Қазақтың билері | Төле би, Әйтеке би, Қазыбек би туралы мағлұмат беру |
| II | 14 | Кел, Жаңа жыл | Санамақ «Он екі ай» Е.Өтетілеуұлы | Санамақ арқылы он екі айдың ерекшеліктерін түсіндіру |
| II | 15 | Төлдер жыры. Лақ, торпақ, қозы, бота | Төлдермен тілдесу сұрамағы | Сұрамақты диалог түрде айтуға үйрету |
| II | 16 | Қыс. М.Дулатов | Аяз атаулары | Қақаған аяз, сары аяз, үскірік аяз туралы мағлұмат беру |
| III | 17 | Қыста қызық жұмыс | Қар атаулары | Аппақ қар, жапалақ қар, үйме қар туралы түсінік беру |
| III | 18 | Қасқыр мен ит | Хайуанаттар туралы жұмбақтар | Жұмбақтың мағынасын түсіндіріп, шешкізу |
| III | 19 | Қаңтар мен ақпан С.Оспанов | Хайуанаттардың қылығына қарап ауа райын бұзылуын байқау | Қар не боран болатынын кейбір хайуанаттардың қылығына қарап болжап білуге болатыны туралы түсіндіру |
| III | 20 | Не деу керек? Ж.Кәрбозин | Тыйым сөздер | Тақырыпқа қатысты тыйым сөздердің мағынасын түсіндіру |
| III | 21 | Ағаштар неге шуылдайды? Б.Соқпақбаев | Орман тоғай шулайды (санамақ) | Санамақта айтылғанормандағы өсетін ағаштардың аттарымен таныстыру |
| III | 22 | Тату достар бәріміз | Достық туралы мақал-мәтелдер | Мақал-мәтелдің мағынасын түсіндіру |
| III | 23 | Қызғаншақ | Қыз бала мен ұл баланың айтысы | Айтыс туралы түсінік беру. Айтысты жатқа айтуды үйрету |
| III | 24 | Ана-өмір гүлі | Аналар киетін ұлттық киімдер | Жаулық, камзол, көйлек т.б. ұлттық киімдерімен таныстыру |
| III | 25 | «Ақ әже» Б.Момышұлы | Әжелер киетін ұлттық киімдер | Кимешек, мәсі, кебіс, т.б. ұлттық киімдермен таныстыру. |
| III | 26 | Аңқау арыстан Ж.Нұсқабаев | Арыстан туралы өтірік өлең | Арыстан туралы өтірік өлеңнің мазмұнын түсіндіріп, жатқа үйрету |
| III | 27 | Наурызым армысың! О.Асқаров | Наурыз көже | Наурыз көже туралы түсінік беру |
| III | 28 | «Тілегіміз бейбіт күн» С.Оспанов | Ұлттық мерекелер | Наурыз мерекесінен басқа да құрбан айт, ораза айт сияқты мерекелер жөнінде түсінік беру |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| IV | 29 | «Әке мен бала» Ы.Алтынсарин | Ата-ана туралы мақал-мәтелдер | Мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіру |
| IV | 30 | Ғарышкер Ж.Қорбистегі | Аспан әлемі туралы жұмбақтар | Аспан денелері туралы жұмбақтардың мәнін түсіндіру, шештіру |
| IV | 31 | Көрікті көктем | Жаңбыр атаулары | Ақ жаңбыр, нөсер, бұршақ сел т.б. түсіндіру |
| IV | 32 | Абай «Жаз» | Маусымдық жыр | Жаз туралы маусымдық жырды түсіндіру, жатқа айтуға үйрету |
| IV | 33 | Бақытты балалық шақ | «О, қорқайын мен неге?» Д.Әбілев | Сұрамақтың мағынасын түсіндіріп, диалог түрінде айттыру |
| IV | 34 | Туған жерім тамаша | Сарыарқа күйін тыңдау | Күйдің мазмұнын түсіндіру |
| IV | 35 | Біз мектепке барамыз | Тілашар тойында балаға беретін бата | Батаның мағынасын балаларға түсіндіру |

## Қолданылған әдебиеттер


1. Ахметов Ш. Қазақ балалар әдебиеті – Алматы, 1974
2. Аяпбергенова С.С., Тұрғынбаева К.Т., Жекенова С.Б. Көркем әдебиет. Әдістемелік құрал. – Алматы 2004
3. Әбілова З.Ә., Қалиева Қ. Этнопедагогика оқулығы. – Алматы, 1999
4. Беделбаева Х. Мектеп жасына дейінгі балалардың дүниені қабылдауы. – Алматы, 1976
5. Дүйсенбай Е. Санамақ. - Алматы, 1996
6. Елубай Е. Тапқырларға тапсырма. – Алматы, 1996
7. Естен А. Жеті саны – киелі. – Алматы, 2003
8. Жәрдем Кейкін. Қазақы атаулар мен байламдар. – Алматы, 2000
9. Жұмібекова Ф.Н., Ойшыбаева А.А., Баталова Э.Н. Құрастыру және қол еңбегі. Әдістемелік нұсқаулық. – Алматыкітап, 2002
10. Жүсіпова Д.З., Исакова Ф.Қ., Омарғалиева Т.Ж., Ноғайбекова Б.Ж. тіл дамытудың ғажайып әлемі. Әдістемелік нұсқаулық. – Алматы, 2002
11. Ислам әлемі // Діни – мәдени журнал. – 2001.-№1.
12. Қазақтың мақал-мәтелдері. Құраст: Смайлова А.Т. – Алматы,2002
13. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. VI – XX г. – Алматы, 1994
14. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. VI – XX г. Ред. Шаяхметов.- Алматы, 1994
15. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. XX г. 20-жылдардан-1995 ж. дейін. Ред. Кенжебаев Қ.К. – Алматы, 1998
16. Қалиев С. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. – Алматы, 1999
17. Қазақ балалар поэзиясының антологиясы. – Алматы, 1993
18. Қош келдің, Наурыз! – Алматы, 1993
19. Кенжеахметұлы С. Жеті қазына: 1 кітап. – Алматы, 2002
20. Кенжеахметұлы С. Жеті қазына: 2 кітап. – Алматы, 2002
21. Мәженқызы Р., Мыңбайқызы Ж. Гүлге тұнған шақ. – Алматы, 1998
22. Мектепке дейінгі педагогика ред. Баск. В.И.Ядэшко, Ф.А.Сохин – Алматы, 1982
23. Мұқанов М. Ақыл ой-өрісі. – Алматы, 1980
24. Нұртазина Р., аскар Л. Мирастың кітабы. – Алматы, 1998